



ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН ӘРБІР ЖЕТІ АДАМНЫҢ БІРІ – ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ



Елімізде қылмыс саны азайғанымен, жекелеген қылмыс түрлері артып барады. Олардың ішінде алаяқтық, бұзақылық, бопсалау және заңсыз қару-жарақ айналымымен байланысты қылмыстар бар. Қоғамдық орындарда жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны сол қалпы. Яғни, жыл сайын шамамен 37 500 осындай құқықбұзушылық тіркеледі екен.

(Жалғасы 2-бетте)

Руслан ЧАРАПИЕВ,
Жетісу облысы
Полиция департаменті
бастығының орынбасары:

«ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ»

– Руслан Тұратбекұлы, интернет алаяқтықпен күрес соңғы жылдары барлық елде өзекті мәселеге айналды. Жетісу облысындағы ахуал қандай?

– Биыл тоғыз айда облыс аумағында интернет-алаықтық бойынша 398 қылмыс тіркелді. Былтырғы сәйкес кезеңде оның саны 287 болған. Яғни, қылмыстың бұл түрі биыл 38,7 пайызға өсіп отыр. Ал қылмыстың бұл санаттарының ашылуы 20,3-тен 33,8 пайызға ұлғайды.

Интернет-алаықтық қылмыстарын тіркеу биыл бірқатар өңірде ұлғайып отыр. Атап айтқанда, Алакөл ауданында 12,5%-ға, Талдықорған қаласында 20,9%-ға, Қаратал ауданында 30,0%-ға, Кербұлақ ауданында 46,2%-ға, Текелі қаласында 52,2%-ға, Ескелді ауданында 64,3%-ға, Ақсу ауданында 90%-ға өскен. Кейбір аудандарда қылмыс саны еселеп артып отырғаны қоғамның алаңдаушылығын тудыруда. Мәселен, Көксу ауданында интернет-алаықтық 2 есе, Панфилов ауданында 2,8 есе, Сарқан ауданында 3,5 есе өскен. Осының өзі интернет-алаықтықтың алдын алу, азаматтардың қаржылық, құқықтық сауатын көтеруге байланысты жұмыстарды жетілдіру қажеттігін алға тартуда.

Дегенмен, құқық қорғаушылар қол қусырып отырған жоқ. Полиция департаментінің жедел ақпараты бойынша интернет-алаықтыққа қатысты бұрын жасалған қылмыстардың ашылуы 60-тан 150-ге жетті. Оның ішінде өткен жылғы қылмыстар – 13 (2024 жылы – 8) болып отыр.

– Қылмыстың алдын алудағы жұмыстардың нәтижесі бар ма?

– 2025 жылдың тоғыз айында Жетісу облысы бойынша мешіттерде, базарларда, сауда ойын-сауық орталықтары мен сауда үйінде, медициналық мекемелер мен білім беру ұйымдарында алаяқтардан сақтандыруды көздейтін 109 мың баспа құралдары (брошюра, ескертпе) таратылды.

(Жалғасы 5-бетте)

ӘСКЕРГЕ ТАРТУ ӘЛІМЖЕТТІКПЕН ЕМЕС, АҚЫЛМЕН АТҚАРЫЛУЫ ТИІС

Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи Парламент мінберінен де, қоғамдық ортада да кәмелетке толған жастарды әскер қатарына шақыру мәселесіне қатысты өз пікір-ұсынысын білдіріп жүр. Депутат елдегі әскери патриоттық тәрбиенің әлсіреп кеткеніне наразы.

Жақында депутат фейсбук желісіндегі әлеуметтік парақшасында: «20 МЫҢ ЖІГІТ ӘСКЕРДЕН ҚАШЫП ЖҮР!» деп дабыл қақты. Депутаттың өз пікірін толықтай берсек, ол:

«Жас жігіттерді көшеден ұстап, әскерге әкету – адам құқығын бұзу! Бұған тыйым салынуы қажет!» деп, менің депутаттық құзыретіме жиі өтініш жолданады. Қарулы күштерге жұмылдыру (мобилизация) жағдайының қаншалықты күрделі екендігін төмендегі ақпараттан (20 МЫҢ ЖІГІТ ӘСКЕРДЕН ҚАШЫП ЖҮР!) білуге болады.

Екіншіден, міндетті әскери қызметті өтеу талаптары арнайы заңмен қорғалады және одан жалтару қылмыстық жауапкершілік деп

саналады! Мен Отанын қорғаудан қашқандарды қорғай алмаймын!

Үшіншіден, бүгінгі теңселіп тұрған геосаяси әлемде 70-ке жуық әртүрлі соғыс ошақтары тұтанып тұрған, Үшінші дүниежүзілік соғыс қатері туралы жиі сөз болып жатқан күрделі кезеңде, біз өз Отанымыз – Қазақ елін қорғауға ерекше азаматтық және патриоттық жауапкершілікпен көңіл аударуымыз қажет! Тәуелсіз мемлекетіміздің қауіпсіздігі «адам құқынан» әлдеқайда маңызды мәселе екенін ескерейік!» – дейді.

Рас, бүгінгі қоғам үшін аса өзекті, алаңдарлық мәселе. Халықаралық геосаяси жағдай ұшығып тұрғанда әскері мықты елге айна-

лу кез келген дамушы елдің арманы. Бірақ біз әдеттегідей себебін іздеп, тығырықтан шығар жолды қарастырғаннан гөрі мәселенің салдарымен күресіп кеттік. Жастарды көшеден тырқыратып қуалап жүріп ұстап әкету, шыңғыртып сүйреулеу (елге күлкілі болса да) ҚР Қорғаныс министрлігінің имиджіне сын. Құзырлы мемлекеттік органдар өзінің мұндай жазалаушы «машина» сипатын өзгертпей, қарулы күштердің қатары ерікті сарбаздармен толықпайды. Мәжбүрлі сарбаздан Отанын қорғайтын қандай әскер шығады?!

Егер жоғары мінберден айтылған бұл пікірді биліктің көзқарасы деп қарастырсақ, алдымен бұл мәселенің өзге де қырларын шолған абзал шығар.

Ең алдымен, тәуелсіздік алған отыз жылда Қазақстан әскері өзін қаншалықты жаңаша сипатта түрлендіре алды? Жас ұрпаққа арналған азаматтық және патриоттық тәрбиенің қазақстандық жаңа үлгісі жасалды

ма? Отыз жылдың ішінде біз халыққа қазақ сарбазының жасампаз әрі көпке үлгі боларлық қандай бейнесін ұсындық? Аптасына бір рет телеарналардан берілетін әскер өмірінің жаңалықтары мен газет-журналдар жариялайтын қорғаныс саласының беделін көтеру мақсатындағы кезекші мақалалардан басқа. Берген күнде де бедел солай қалыптаса ма? Жеке дербестігін айқындаған әр мемлекет ең алдымен, жастарды қарулы күштерге жұмылдыру үшін ол саланың шынайы беделін көтеруімен айналысу қажет болатын. Ол мейлі қазақстандық қарулы күштердегі жаңа техника, жаңа форма, жаңа бағдарлама, жаңа мотивациялық бағдарлама болсын, яки жас сарбаз ерлігі, олардың жүрекжарды өтініш тілегі болсын немесе тіпті қорғаныс қолбасшыларының, тіпті депутаттардың әскерилермен кездесуі, жай-күйін ешқандай сырнай, кернейсіз барып, көріп танысуы болсын, әйтеуір мемлекеттік кеменді бағдарламалар қолға алынуы қажет болатын.

Екіншіден, біз азаматтық патриоттық жауапкершілік жайлы көп айтамыз. Жастар тақырыбында қаузаса тереңдеп, статистикасы індеп кете беретін мәселе көп.

(Жалғасы 4-бетте)

3-бет



«Қауіпсіз қала» түн тыныштығынан басталады

6-бет



Цифрлы инновация мен құқықтық сананың жаңа қағидаты

8-бет



МЕРЕЙТОЙ

Қызылорда облыстық сотының ұжымы облыстық соттың судьясы Маликова Шолпан Маратқызын мерейлі 60-жасқа толуымен құттықтады.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ СЫЙЛЫ



Облыстық соттың төрағасы Ә.Шығамбаев Шолпан Маратқызын мерейлі жасымен құттықтай отырып, сот жүйесінің дамуына қосқан еңбегіне тоқталып, облыстық соттың

судьясы қызметін абыроймен атқарып, сонымен бірге, баспасөз қызметі бойынша үйлестіруші-судья ретінде соттардың бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысын қамтамасыз етіп келе

жатқанын, сот жүйесінің ашықтығын қалыптастыруға қосқан ерекше үлесін айтып өтіп, жүрекжарды лебізін білдірді.

Шара барысында сот ұжымы мерейтой иесіне игі тілектерін жеткізді.

Шолпан Маратқызы сот жүйесінде 20 жылдан астам уақыт абыройлы қызмет атқарып, саланың дамуына және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға өз үлесін қосып, Қызылорда облыстық сотының судьясы әрі баспасөз қызметін үйлестіруші ретінде белсенді ақпараттық жұмыстарды атқарып келеді.

Сот жүйесіндегі адал қызметі үшін Шолпан Маратқызы «Үш би» құрмет белгісімен, II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, сонымен қатар, көптеген Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапатталған.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН ӘРБІР ЖЕТІ АДАМНЫҢ БІРІ – ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олардың жартысы, шамамен 16 мыңы көшелерде жасалады. Мас болып жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар саны да артып барады. Есірткіге байланысты қылмыстар да өсуде, оған қазақстандықтар, оның ішінде жастар, тіпті мектеп оқушылары да тартылуда. Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмысы үшін жаза айтарлықтай қатайтылғанымен, бұл әрекет те азаймай отыр. Жыл сайын балаларға қарсы сексуалдық сипаттағы 800-850 қылмыс жасалады екен.

Жол-көлік бұзушылықтары екі есеге өсті, оларда қаза тапқандар мен жарақат алғандардың саны да осы деңгейде артты. Интернеттегі алаяқтық – біздің қоғам алдында тұрған күрделі мәселелердің бірі және толық цифрландырудың жағымсыз салдары. Бүгінде бұл әрекет тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 30 пайызына тең болып отыр. Алаяқтар қазақстандықтардың 47 миллиард теңгеден астам ақшасын жымқырған, оның 3 миллиарды ғана өндірілген. Аталған көрсеткіштер тек қатаң жазаның жағдайды жақсартпайтынының тағы бір дәлелі. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында қосымша баяндама жасаған Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Снежанна Имашева қылмыс саны артуының себебін барынша ашты. Соның бірі – салада жүргізілген реформаларға қарамастан, Қазақстан полициясының жабық, жазалаушы жүйе сипатынан арылмай келе жатқандығы. Статистикалық мәліметтер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған әрбір жеті адамның бірі – полиция қызметкері екенін айтады. Көбінесе бұл құқық бұзушылықтар пара алу мен алаяқтықты қамтиды.

Халықпен профилактикалық жұмыс дамымай отыр. Қызметтік полиция реформасы уәделік полиция қызметкерлерін полиция мен қоғам арасындағы негізгі буын етпек болған. Осы мақсатта олар қажетсіз қызметтерден босатылып, жалақысы көтерілді және жәрдем-ақылар пакеті жетілдірілді. Жауап

ретінде олар әлеуметтік желілерде аккаунттар ашты, WhatsApp чаттарына қосылды, олардың байланыс ақпараты көп пәтерлі үйлердің кіреберісінде жазылды. Бірақ соған қарамастан полиция жұмысына шағым көп. Олардың іс-қимылы таптаурын сипаттан арылмай отыр. Бас прокуратураның мәліметі бойынша, был жылға қарсы жасалған құқық бұзушылықтар туралы 800 мыңға жуық хабарламаның 500 мыңдайы қараусыз қалған. Бұл полицияның әрекет ету қабілетінің төмен деңгейін көрсетеді. Азаматтардың арыз-шағымдары толық қаралмайды, тәртіп бұзушылар жазасыз қалады, бұл одан да ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Полициялар тіпті қылмысты жасыратын жағдайлар да бар.

Сонымен қатар, азаматтарды қылмыстың алдын алу мен жолын кесуге тарту да күрделі мәселе. Біздің қоғамда патернализм әлі күшінде. Яғни, азаматтардың едәуір бөлігі қауіпсіздікті тек құқық қорғау органдарының міндеті деп санайды. Қоғамның серіктес болуы үшін ынталандыру шараларын ширатып, полиция қызметін одан әрі жетілдіру қажет. Жол инфрақұрылымының сапасы да көңіл бөлуі қажет етеді. Жыл сайын ел жолдарында мыңдаған адам жарақат алып, қаза табады. Бұл полицияның салғырттығы немесе жол қозғалысы ережелерін бұзуы ғана емес, жолды күту мен жай-күйдің нашарлығының салдары.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды көбінесе 21 мен 39 жас аралығындағы адамдар жасайды, бұл барлық қылмыстардың жартысынан көбіне тең. Сондықтан мемлекет өз күш-жігерін сапалы білім беруге, жұмыс орындарын ашуға, лайықты жалақымен қамтамасыз етуге бағыттауы керек. Сондай-ақ азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен заңға бағынуын арттыру үшін қолда бар барлық мүмкіндіктерді пайдалануы қажет.

Киберқылмыстың өсуінің негізгі себебін депутат Байтілесов жан-жақты ашты. Ол бүгінде біздің әрбір басқан қадамымыз цифрлық із қалдырып, киберқауіпсіздік және жеке деректерді қорғау мәселелері

әлдеқашан таза техникалық сипатта болудан қалып, ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне айналғанын мәлімдеді. Цифрлық майданды қорғасақ, экономика, әлеуметтік сала, мемлекеттіліктің өзі әлсірейтінін нақты мәліметтермен жеткізді. Мәселен, 2025 жылдың маусымында 16 миллионнан астам қазақстандықтың жеке деректері көпшілікке жария болды. Бұл қауіпсіздік жүйесінің әлсіз екенін жайлы қағылған дабыл. Біз деректердің сыртқа кетуінің алдын алумен емес, салдарымен күресіп жатырмыз.

Сонымен қатар, желідегі ала-

дамып келеді. Қылмыскерлер тіпті жақын достарын да алдауға қабілетті жалған бейнелер мен синтетикалық дауыстар жасайды. Сондықтан тәулік бойы жұмыс істейтін және көпшілікке есеп беретін киберқауіптерді мониторингілеу және талдау жөніндегі бірыңғай ұлттық орталық құру қажет. IT жүйелерінің міндетті сертификаттауы және сыртқы аудиті, darknet мониторингі және азаматтарды дереу хабардар ету механизмін іске қосып, немқұрайдылық пен рұқсатсыз кіру үшін жазаны күшейту қажет.

Депутат Наталья Дементьева балалар қауіпсіздігі мәселесін көтерді. Депутаттың айтуынша, заңсыз тіркелген 81 мыңнан астам интернет-ресурстың 425-і суицидті насихаттайды екен. Бұл жай статистика емес, бұл қағылы оқиғаларға жеткізбедің алғышарты. Егер әр мектепте білікті маман болып, баланың алғашқы дабылын дер кезінде байқаса – қаншама тағдырды сақтап қалушы едік. Буллинг, кибербуллинг, психологиялық қысым дегеніміз абстрактілі ұғымдар емес, олар нақты балалардың өмірі.

Жол апатының бір себебі жүргізуші куәлігін беру мен автокөлікті техникалық бақылаудан өткізуге қатысты. Жүргізуші куәлігін 250 мың теңгеге сататандардың жарнамасы желіде өріп жүр. Соңғы жылдары емтиханнан өткізіп беремін деп ақша алған 222 факт тіркелді. Бұл ресми есеп, бейресми қаншама жүргізушінің оқымай-ақ тас жолға шығып кеткені беймәлім. Техниканы техникалық бақылаудан өткізуді жеке секторға берудің де арты ақша жасаудың амалына айналды.

яқтардың саны артып барады. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы мұндай қылмыстардан келген шығын 7 миллиард теңгеден асқан. Тіркелген 27 мыңға жуық істің 12 мыңнан астамы онлайн режимде жасалған. Бұл жай ғана статистика емес – олар нақты шығындар мен цифрлық қызметтерге деген халықтың сенімін төмендететін фактор.

Биометриялық деректер, яғни саусақ іздерін, бет бейнесін және дауысты қорғауға ерекше назар аудару керек. FaceID сияқты жобалар балабақшаларда, бизнес орталықтарында және тұрғын үй кешендерінде жиі сертификаттаусыз немесе тиісті бақылаусыз жүзеге асырылуда. Бұл деректер қайда сақталады және олар сыртқа шығып кетсе, кім жауап береді? Мұндай сұрақтарға жауап жоқ.

Қауіптің жаңа түрі – жасанды интеллект арқылы алаяқтық қарқынды

АДАЛДЫҚ ПЕН ӘДІЛДІКТІ ҰСТАНҒАН

Әділдік – асыл қасиет десек, сол әділдікті өмірлік ұстанымы еткен адам – нағыз азамат әрі әділ төреші бола алады. Қазақ елінің заң және сот саласында абыройлы қызмет атқарып, ел сенімін ақтаған, сот жүйесінде есімі құрметпен аталатын тау тұлға – Нұрсерік Кәрімұлы ШӘРІПОВ 60 жасқа толып отыр! Бұл – тек мерейтой емес, бұл – адал еңбек пен мағыналы өмірдің, ел алдындағы абыройдың салтанаты!

Нұрсерік Кәрімұлының өмір жолы – білім мен еңбектің және парасаттылықтың үлгісі. Ол жастайынан әділдік пен елдің мүддесін қорғауды басты мақсат етіп, сол сара жолмен жүріп келеді. Қай қызметті атқарса да, оның ісінде ізгілік, сөзінде салмақ, шешімінде әділдік бар. Көп жылдар бойы сот жүйесінде еңбек ете жүріп, талай күрделі істерді әділ шешіп, соттың абырой-беделін биікке көтерді. Оның бойындағы байып пен сабыр, жауапкершілік – сот төрінде де және өмір жолында да өзіне әрдайым серік болған қасиеттер. Сол жақсы қасиеттерінің арқасында әріптестері мен ел арасында зор құрметке ие тау тұлға!

Алпыс жас – адам өмірінің алтын белесі. Бұл – өткен-

ге есеп беріп, алдағы күнге жаңа мақсаттармен қарам басатын шақ. Нұрсерік Кәрімұлы бұл межеге үлкен абыроймен жетті. Оның кәсіби шеберлігі, ерекше ұйымдастырушылық қабілеті және жақсы адами қасиеті сот жүйесінің дамуына зор серпін берді. Ол – әділдіктің айнасы, қарапайымдылықтың үлгісі бола білді. Адал еңбегі мен өз ісіне берілген еңбекқорлығы оны көптің көңіл төріне шығарды. Сондықтан да ел ішінде оның есімі құрметпен және ризашылықпен аталады.

Аса қадірлі Нұрсерік Кәрімұлы! Асқаралы 60 жылдық белесіңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздің өмір жолыңыз адамгершілік пен еңбексүйгіштіктің, табандылықтың жарқын көрінісі!



Көп жылдық еңбегіңізбен заң және сот саласына қосқан мол үлесіңіз, ел мен халық алдындағы адал қызметіңіз – бізге үлгі-өнеге!

Бүгінгі мерейлі мерекеңізде жаныңыз қуаныш пен шаттыққа, өміріңіз нұр мен тыныштыққа толы болсын! Отбасыңыз аман, ұрпағыңыз ұлағатты, еңбегіңіздің жемісі мол болғай! Алла тағала тағдырыңызға тек жақсылық жазсын, әр күніңіз берекелі болып, әр қадамыңыз сәттілікке бастасын!

**Зор құрметпен,
Айдос СҰЛТАНОВ
Түркістан облыстық сотының төрағасы**

Депутат Нартай Аралбайұлы жиілеген жол-көлік оқиғаларына қатысты біраз шындықты ортаға салды. Биылғы қаңтар-тамыз айларында елімізде 22501 жол-көлік оқиғасы тіркеліпті. Тас жолдағы трагедиядан 5 жылда 12267 азаматымыздан айырылыпты. Депутаттың айтуынша, жол-көлік оқиғасына себеп болатын жағдайлардың бірі жүргізушілер жүгінетін цифрлық платформалардың жеткілікті деректі ұсынбауы. Мәселен, көлік тізгініндегі адамға авариялық қауіпті учаскеге жақындағаны немесе сонда жүргені, ауа райының қолайсыздығы немесе жол жабындысының нашарлағаны туралы деректер уақытылы берілмейді. Салдарынан жөндеу үшін деп жолға төгілген құм мен қиыршық тастарға соғылып апатқа ұшыраған автокөліктерді желіден үнемі көреміз.

Осы тұста мемлекеттік органдар көштен қалмауы керек. Мәселен, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарындағы апатты-қауіпті орындарды анықтау, есепке алу және жою жөніндегі нұсқаулықты Көлік министрлігі тек 2023 жылдың 26-қыркүйегінде ғана бұйрықпен бекіткен. Бұл өте кеш. Өткен жылмен салыстырғанда биылғы 9 айда адамның өліміне немесе ауыр жарақат алуына әкеп соқтырған жол көлік оқиғаларының саны 41,9 процентке көбейді. Ең көп өсім Атырау облысында тіркелген, жол апатының саны 162,5 процентке артыпты. Ақтөбе облысында 123 пайызға, Қызылорда облысында 101,9 процентке жол апаты көбейген. Мұның себебін сарапшылар аталған өңірлердегі бір жолақты жолдардың көптігімен түсіндіреді.

Жол апатының бір себебі жүргізуші куәлігін беру мен автокөлікті техникалық бақылаудан өткізуге қатысты. Жүргізуші куәлігін 250 мың теңгеге сататандардың жарнамасы желіде өріп жүр. Соңғы жылдары емтиханнан өткізіп беремін деп ақша алған 222 факт тіркелді. Бұл ресми есеп, бейресми қаншама жүргізушінің оқымай-ақ тас жолға шығып кеткені беймәлім. Техниканы техникалық бақылаудан өткізуді жеке секторға берудің де арты ақша жасаудың амалына айналды.


Проблема өзекті, сондықтан жүйелі шешім керек. Осы тұрғыда жол ережесін бірнеше рет бұзған жүргізушіні қайтадан емтихан тапсыруға міндеттеу шарасы тиімді болар еді. Бұл жолдағы ережені елемейтіндерге жақсы сабақ береді. Себебі бүгін кешірілген кішкентай заң бұзушылық ертең үлкен апатқа айналмасына кепілдік жоқ.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»**

ЦИФРЛАНДЫРУ

Цифрлық трансформация – заманауи қоғамның табысты даму кепілі десек артық айтпаспыз. Өйткені, қазіргі әлемдік жаһандану заманында осы үдерістің алдыңғы шебінде болу – өркеніет көшін бастауға жол ашпақ. Бұл тұрғыда Шымкент қаласы да шет қалмай, халықаралық деңгейде өз бағытын айқындап келеді. Жуырда Шымкент қаласының цифрландыру басқармасының басшысы Мұрат Кемелов Қытайдың Ханчжоу қаласына арнайы іс-сапармен барып, озық тәжірибелермен танысып қайтты. Бұл сапар жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын, болашақтың цифрлық бейнесін жақындататын маңызды қадамға айналды...

ҚЫТАЙ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР



ХАНЧЖОУ – ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМНІҢ ЖҮРЕГІ

Қытайдың Ханчжоу қаласы бүгінде төрткүл дүниедегі цифрлық экономиканың айнасына айналған, технологиялық инновациялар орталығы ретінде әлемге танылған алып мегаполистердің бірі. Халқы 12 миллионнан асатын бұл шаһар

да Alibaba Group, Huawei, Hikvision, Dahua Technology сынды алпауыт компаниялар шоғырланған. Ханчжоу – жасанды интеллект пен смарт технологиялардың, цифрлық платформалар мен интеллектуалды экожүйелердің сынақ алаңы деуге болады. Қалада өткен 4-ші Дүниежүзілік цифрлық сауда көрмесі

теграцияға арналған жобаларын көпшілік назарына ұсынды.

ШАҢЫРАҚТАН ШАНХАЙҒА ДЕЙІНГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Іссапар барысында Шымкент қаласының цифрландыру басқар-

масының басшысы Мұхит Кемелов Hikvision және Dahua Technology компанияларымен екіжақты ынтымақтастық жөнінде келісімдерге қол қойды. Бұл келісімдер Шымкенттің цифрлық даму бағытына тың серпін берері сөзсіз.

Hikvision компаниясы өз кезегінде бейнебақылау жүйелері мен жасанды интеллектке негізделген қауіпсіздік технологияларын ұсынды. Компанияның «Қауіпсіз қала» жобасына арналған интеллектуалды шешімдері қала қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтеруге бағытталыпты.

Ал Dahua Technology компаниясы смарт инфрақұрылым, көлік жүйесін интеллектуалды басқару, бейне-аналитика мен қоғамдық қауіпсіздік салаларындағы өз тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар қалаларды цифрландыру, деректерді интеграциялау, тұрғындардың өмір сапасын арттыру бойынша да бірлескен бірқатар жобаларды жүзеге асыруға ниет білдірді.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЛА – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ НЕГІЗІ

Шымкенттік арнайы делегацияның бұл сапар аясында көрген, танысқан технологиялық шешімдері тек цифрландыру жаңашылдықтарымен шектелмегенін атап өткен жөн. Атап айтқанда, «Қауіпсіз қоғам» қағидаттарын нақты іске асырудың бірден-бір жолына бағытталған жобалар да көпшіліктің назарына ұсынылған.

Жалпы, цифрлық технологиялардың бүгінде құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтарға

«нөлдік төзімділік» саясатын жүзеге асыру бағытында да кеңінен қолданылуы осы цифрлық мүмкіндіктермен тығыз байланысты екені сөзсіз.

Заманауи бейнебақылау, интеллектуалды деректер базасы, интеграцияланған ақпараттық жүйелер өз кезегінде құқық қорғау және арнайы органдардың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, тұрғындардың құқықтық санасын арттыруға ықпал ететін пәрменді құралға айналған. Бұл – азаматтық жауапкершілікті арттыру, тәртіпке бағыну, қоғамда әділеттілік пен қауіпсіздік орнату жолындағы маңызды бастама болып отыр.

ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАРМЕН ҮЙЛЕСІМ

Шырайлы шымқалада жүзеге асырылып жатқан «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы, құқықтық сана мен тәртіпті қалыптастыру, құқық бұзушылықтарға қарсы қоғамдық иммунитетті күшейту секілді мемлекеттік бастамалар қазіргі цифрлық жүйелер арқылы жаңа белеске көтеріліп келе жатқанын атап өткен жөн. Ал «Цифрландыру және инновацияларды енгізу» бағыты аясында атқарылып жатқан жұмыстар – бұл инновациялық инфрақұрылым құру, жасанды интеллектті енгізу, IT-технологиялар арқылы қаланың өмір сүру сапасын арттыру жолындағы жүйелі әрі нақты қадам болып отыр.

Аталған бағытта жүргізіліп жатқан ақпараттық түсіндіру, халықпен кері байланыс орнату, саны жаңғырту бағытындағы жұмыстар – мемлекеттік тапсырысты сапалы орындаудың айғағы.

P.S. Шымкент қаласының цифрландыру саласында жасап жатқан нақты қадамдары – қаланың дамуына, азаматтардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін маңызды көрсеткіш болатыны айқын. Қытайдың тәжірибесімен танысу арқылы халықаралық серіктестермен бірлесіп жүзеге асатын болашақ жобалар Шымкентті цифрлық трансформацияның үлгілі қаласына айналдырары сөзсіз. Ханчжоу сапары – жай ғана іссапар емес, ол – технологиялық өрлеу жолындағы маңызды бетбұрыс, инновация мен ынтымақтастықтың бастауы.

Майра ТОҚАНОВА
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ТҮНГІ РЕЙД

Шымкент қаласында соңғы жылдары азаматтардың құқықтық санасын арттыру, құқық бұзушылыққа «нөлдік төзімділік» саясатын орнықтыру, сондай-ақ жастарды теріс әдеттерден қорғау бағытында бірқатар ауқымды іс-шаралар жүргізіліп келеді. Осындай игі бастамалардың бірі – «Қауіпсіз қала» жобасы аясында ұйымдастырылатын кезекті «Түнгі рейд» профилактикалық іс-шараларына басымдық беріліп отыр.

Шаһардағы барлық 5 ауданның аумағында бір мезетте өткізілген мұндай кешенді шаралардың біріне Шымкент қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері, аудан әкімдіктерінің өкілдері, жастар ресурстық орталығының мамандары мен орталық басшысы Жансерік Жұман белсене қатысты. Шараның өткізілуіне Шымкент қалалық Жастар ресурстық орталығы мұрындық болды.

Рейдтің мақсаты – жастар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және түнгі уақытта қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталыпты. Бұл – жай ғана тексеру шарасы емес, жастарға бағытталған нақты профилактикалық, тәрбиелік, құқықтық жұмыс екенін атап өткен жөн.

Рейд барысында жастар мен жасөспірімдердің түнгі уақытта ересектер мен заңды өкілсіз жүруі, ойын-сауық орындарында қорқор мен зиянды заттарды пайдалану, көше бойындағы тәртіп бұзушылықтар сияқты әрекеттердің бәрі мамандар назарына алынды.

– Түнгі рейд нәтижесінде жастармен қатар кәмелет жасына толмаған балалармен де құқық бұзушылық фактілері тіркелді. Атап айтқанда, төрт жасөспірім бала ойын-сауық мекемесінде, 94 жасөспірім тұрғын

үйден тыс жерлерде заңды өкілсіз жүргені анықталды. Ата-аналарының тарапынан бақылауға алынбаған балалар кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына орналастырылды. Мамандар тарапынан балаларға және олардың ата-аналарына Қазақстан заңнамалары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, арнайы ескерту парақшалары таратылды. Бұл тек жазалау емес, ең алдымен – ескерту мен бағыт беру, санаға әсер ету арқылы заң талаптарын құрметтеуге үндеу, – дейді Полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Мемлекеттік органдардың бірлесе жүзеге асырған түнгі рейд шарасының қоғамның қауіпсіздігіне де барынша ықпал ететінін ұйымдастырушы тарап атап өтіп, ата-аналарды түнгі уақытта балаларды қараусыз қалдырмауға шақырды.

– Бұл шаралар жастармен жүйелі жұмыстың бір бөлігі ғана. Қазіргі таңда заңға бағыну – тек мемлекеттік құрылымдардың емес, әрбір азаматтың да басты жауапкершілігі. Әсіресе, жасөспірімдердің түнгі уақытта қараусыз қалуы – олардың теріс ықпалға ұшырауына әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан мұндай рейдтер – қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған қажетті құрал. Ата-аналар тарапынан да бақылау мен



қадағалау күшейтілуі тиіс, – дейді Жастар ресурстық орталығының басшысы Жансерік Жұман.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ САНАДАН БАСТАЛАДЫ

Шаһардың жастар ресурстық орталығының мәліметінше тек жыл басынан бері, яғни тоғыз ай ішінде ғана олардың бастамасымен және аудан әкімдіктері мен ювеналды полиция қызметкерлерінің қатысуымен «Түнгі қаладағы жастар», «Жасөспірім» және «Көше» атауымен 9 рейдтік шара өткізілген. Бұл профилактикалық жұмыстар жастардың заңға деген көзқарасын өзгертіп, құқықтық жауапкершілік туралы түсінігін тереңдетіп, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал ететіні сөзсіз.

– Мұндай іс-шаралардың нәтижесі тек бір реттік көрсеткіштермен өлшенбейді. Ең бастысы – қоғамда заңды сыйлау мәдениетін орнықтыру, яғни құқықтық сананы жаңғыртуға үлкен негіз қа-



лыптасады, – деп толықтырды Жансерік Жұман.

Аталған рейдтік шаралар ҚР Президенті тікелей бастамашы болған «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасының шеңберінде жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн. Бұл бастама елімізде құқық қорғау саласын жаңғыртып, қоғам мен тәртіп сақшылары арасындағы сенімді арттыруға, сондай-ақ заң



логияларын енгізу арқылы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің жаңа тетіктерін қалыптастырып келеді. Яғни, профилактикалық рейдтер – физикалық қадағалау мен ақпараттық технологиялардың да жаңарған түрлерінің іс жүзінде қолданылып жатқанын көрсетеді.

Шымкент қаласындағы «Қауіпсіз қала» жобасы – жастарды заңсыз әрекеттен сақтай отырып, оларды жауапкершілікке баулитын, болашағына оң ықпал ететін маңызды қадам. Бұл шаралар өз кезегінде жай ғана тәртіпті бақылау емес, қоғамдық иммунитетті қалыптастыру, құқықтық мәдениетті сіңіріп, ұрпақ санасына заңды сыйлау жолындағы ұзақ мерзімді жұмысқа берік негіз қалайтыны анық. Осындай жүйелі, нақты, нәтижелі іс-шаралар арқылы заң үстемдігіне негізделген қауіпсіз қоғам құруға болады. Ал заң мен тәртіп – әрдайым мемлекет мызғымастығының діңгегі болып қала бермек...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

«ҚАУІПСІЗ ҚАЛА» ТҮН ТЫНЫШТЫҒЫНАН БАСТАЛАДЫ

ОЙТҮРТКІ

ӘСКЕРГЕ ТАРТУ ӘЛІМЖЕТТІКПЕН ЕМЕС, АҚЫЛМЕН АТҚАРЫЛУЫ ТИІС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарулы күштер қатарына шақырылған кез келген азамат Отан алдындағы борышын ешқандай алаусыз (заң министрдің, кез келген шендінің де, әнші, атақтының да немесе қарапайым жүргізуші мен диханның да баласына ортақ) тең өтеуге тиіс. Бірақ онда да ол депутат айтқан «шаһидтікке», «сұраусыз кететініне» қорқытумен емес. Бейбіт заманда әскер жайлы түсінігі бұлдырлау баланы өліммен қорқыту, «адал қазамен» қайрау ешқандай да тапқыр шешім, Отан қорғауға жану, намысын үрлеу емес. («Сен Отан қорғауға кетіп бара жатсың, сен өлсең сенің сұрауыңды сұрамаймын. Отан қорғау жолында сен шаһид болып кететін болсаң, сенің қазаң адал ...Түркия тәжірибесі»).

Одан да әлеуметтік зерттеулер

әскерге кімдер баратынын, кімдер бармайтынын, олардың неге барғысы келмейтінін, әскердегі әлімжеттіктің себебін және депутат келтірген статистикадағы «20 мың жігіттің» жауапкершіліктен қандай жолдармен қашатынын саралауы керек.

Әскер мен халықтың арасы қай кезде алыстайды және ол алауыздыққа кім кінәлі? Құзырлы билік әскерде орын алатын заңбұзушылықты, әскердегі өлім, сарбаздардың қашу себептерін жариялы түрде ашық айыптап, әділ тергеу, әділетті үкім шығарар болса сенімге де селкеу түспеген болар еді.

Бұл жерде ата-ана, қоғам, бастауыш әскери даярлық мектептерінің де көтерер жауапкершілігі жоғары. Мәселенің екі ұшы бар десек,

бұл міндет ортақ. Алайда, баланы ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін ата-ана болса, әскерге даярлайтын – мемлекет. Әскері пәрменді, болашаққа бағдарламасы креативті, тәртібі тегеурінді жүйеден жастар бас тартар ма еді?! Қылмыстық жауапкершілікпен қорқыту жастарды тек әскерден емес, елінен қашуға, шетелге кетуге мәжбүрлейді. Соңғы жылдары әскери борышын өтеген жастарға білім жүйесінде мемлекеттік гранттар қарастыратын шешімдер қабылданды. Мемлекетте осындай жеңілдіктермен қатар әскери борышын өтеген әр сарбазға тегін жер, жеңілдетілген баспана секілді әлеуметтік маңызы бар, т.б. бағдарламалар қарастырылған жөн секілді.

Әскердің оң имиджі мен даярлығы, денсаулығы мен тәртібі «ҚР Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңымен реттелген. Осы заңның бүгінгі талабы әскерде ешқандай заңсыздық орын алмайтынына кепіл болуы абзал. Жаңа Қазақстанды армандайтын ел әскерін әлімжеттікпен емес, әділетті ұстаным, зиялы көзқараспен басқарғаны ләзім.

Жамал ӘБДІҚАДЫР,
зейнеткер

АБАЙЛАҢЫЗ, АЛАЯҚ!

ЖИ АЛАЯҚТАРДАН САҚТАНДЫРАТЫН АҚЫЛШЫҒА АЙНАЛМАҚ

Ақтөбе прокурорлары алғаш рет тәжірибе жүзінде алаяқтықтың алдын алуда жасанды интеллект технологияларын пайдаланды.

Мемлекет басшысы және Бас прокурордың тапсырмаларын орындау аясында құқық бұзушылықтардың алдын алуда цифрлық платформалар құқық қорғау жүйесін цифрлық түрлендіруге белсенді түрде енгізілуде.

Осы бастама аясында «Керуен City» сауда орталығында интернет-алаяқтықтың алдын алу және халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Абайлаңыз, алаяқтар!» атты акция өткізілді.

Акция барысында промо-аймақтың интерактивті алаңында прокуратура қызметкерлері және еріктілерден бөлек, жасанды интеллект элементтері негізінде жасалған инновациялық «Тәртіп-Бекет» роботы жұмыс жасады.

«Тәртіп-Бекет» роботы келушілер мен азаматтарға өздерін алаяқтардан қалай қорғау керектігін, жеке және банк деректерін бөтен адамдарға жарияламаудың маңыздылығын, сондай-ақ сақтық шараларының қандай түрлері алаяқтықтан қорғайтынын түсінікті әрі ойын түрінде жеткізді.

Акцияның басты мақсаты – халықтың құқықтық мәдениетін арттыру және ақпараттандыру. Келушілер өздерін және жақындарын, соның ішінде интернет-алаяқтардан қалай қорғауға болатыны туралы сұрақтар қойып, барлық сауалдарына толық жауап алды.

Мұндай форматтағы өзара әрекет оң нәтиже көрсетті – азаматтар «Тәртіп-Бекет» роботының жұмысына қызығушылық танытып, одан пайдалы ақпарат алды.

Ақтөбе облысы прокуратурасының
баспасөз қызметі

кезеңіне 2 млн 890 мың тонна мал азығы жиналады деп есептелген. Бұл қажетті жем-шөптің 1,5 жылдық қоры. Оның 653,4 мың тоннасы өткен жылдан қалған.

Ұлттық статистика бюросының 1 қазандағы жағдай бойынша мәліметіне қарағанда, Жетісу облысы бойынша, 302 795 ірі қара бар. Бұдан бөлек 143 мың жылқы, 2,3 мың түйе, 1 млн 55 мың қой, 75,8 мың ешкі, 11,2 мың шошқа және 1,4 млн құс бар.

Жетісу облысы республикада ешкі саны бойынша бірінші, қой саны бойынша төртінші, ірі қара мен шошқа саны бойынша алтыншы, құс пен түйе саны бойынша – сегізінші; жылқы саны бойынша оныншы орында тұр.

Е. КЕБЕКБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ТІЛІН ҰМЫТҚАН ҰРПАҚ ТАРИХЫНАН АЛЫСТАЙДЫ

ну – әр азаматтың борышы. Бүгінгі жаһандану заманында өзге тілдерді білу – қажеттілік, бірақ ең бастысы – өз ана тілінді білу мен құрметтеу. Себебі тіл бар жерде ұлт бар, тіл жоқ жерде ұлттың да іргесі сөгіледі.

Шалқар аудандық сотында мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру мақсатында іс шаралар жоспары құрылып, жыл сайын бірқатар жұмыстар атқарылып келеді. Түрлі семинар сабақтар мен дөңгелек үстелдер, еңбек ұжымдарында құқықтық оқытулар және баспасөз

конференциялар өткізілуде, бұқаралық ақпарат құралдарында сот қызметкерлерінің мақалалары тұрақты жарияланып тұрады.

Тілді сақтау – ұлтты сақтау. Сондықтан әр қазақ өз ана тіліне сүйіспеншілікпен қарап, оны құрметтеу арқылы елдің рухани тұтастығына үлес қосуы тиіс.

А.БОЛЫСБАЙ,
Шалқар аудандық сотының
бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ АТА ЗАҢҒА АРНАЛДЫ

Жетісу облысының прокуроры Бауыржан Жұмақанов І.Жансүгіров атындағы университет пен Конституциялық Сот бірлесіп ұйымдастырған ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

«ҚР Конституциясы: 30 жылдық құқықтық эволюциясы және институционалдық трансформациялары» тақырыбында өткен іс-шараға Конституциялық Соттың судьясы Р.А. Подопригора, Конституциялық Соттың талдаушысы Д.С. Шәріпбаев, облыстық соттың, құқық қорғау органдарының, әкімдіктің, адвокаттар қауымдастығының, «Аманат» партиясының, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өкілдері, ғалымдар мен университет студенттері қатысты. Шара барысында Конституцияның құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуындағы тарихи рөлі мен маңызы талқыланды.

Облыс прокуроры азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретінде Конституцияның маңыздылығына тоқталып, прокуратураның ерекше рөліне назар аударып, азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету тетіктерін күшейтудің маңыздылығын атап өтті. Конституцияның рөлін күшейту – тәуелсіз, әділ және қауіпсіз қоғам құрудың маңызды факторы.

Е.КЕБЕКБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

КЕСЕЛ

НАУҚАНШЫЛДЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ, ЖЕҢІС БАР!

Сыбайлас жемқорлық – лауазымды тұлғаның жеке басының пайдасы мақсатында заң мен өзінің билік өкілеттігін және оған сеніп тапсырылған құқықтарды моральдық қағидаларға қарама-қайшы пайдалануын білдіретін термин. Сыбайлас жемқорлыққа тән белгі – лауазымдық тұлға әрекеттері мен жұмыс берушінің мүдделері арасындағы тартыс немесе белгілі адам мен қоғам арасындағы тартыс. Сыбайлас жемқорлықтың көптеген түрлері лауазымдық тұлғаның алаяқтығына ұқсайды және мемлекеттік билікке қарсы қылмыстардың санатына жатқызылады.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай төмендететіні, қоғамда демократиялық оң өзгерістерді жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіретіні белгілі.

Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың стратегиялық басым бағыттарының бірі. Оған қарсы алдын ала іс-қимыл жасаудың мемлекеттік саясаты билік құрылымдарының ашықтығы мен қоғамның бақылауында болуын; мемлекеттік бақылау-қадағалау функцияларын қысқартуды және мемлекеттік бақылау органдары жүйесін оңтайландыруды; сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін фактор ретінде мемлекеттік қызметшілер жағдайының тұрақсыздығын болдырмайтын кадр саясатын жүргізуді; азаматтардың тәуелсіз, сырттан және әсіресе сот жүйесінің өзінен сыбайлас жемқорлық әсер етуден тәуелсіз сотқа жүгіну құқығын қамтамасыз етуді көздейді.

Бүгінгі таңда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы функциясын құқық қорғау органдарының жұмысы тұрғысынан ғана қарау мүмкін емес. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының бастама-

сы бойынша басталған әкімшілік және конституциялық реформаларды іске асыру ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл әкімшілік реформалардың мәні мен мазмұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықтың ауқымы мен салдарларын нақты бағалап, осы қауіпті құбылыспен қатаң және шешуші түрде ымырасыз әрі жан-жақты жоспарлы күресті басты мақсат етіп отыр.

Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттің алдын алуды ұйымдастырудың маңыздылығы өте зор. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күрес, бұл біздің негізгі міндеттеріміздің бірі. Біз жемқорлыққа қатысты қылмыстардың алдын алу шараларын бұрын да тұрақты жүргізіп келгенбіз. Жалпы, қоғамдағы қауіпті құбылыс – сыбайлас жемқорлықпен күресті науқаншылдыққа айналдырмасақ қана жеңіске жететініміз сөзсіз.

А.ТАРГЕНОВА,
Ақтөбе облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сот
әкімшісінің басшысы

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

ЖЕТІСУЛЫҚТАР ҚЫСҚА ДАЙЫН

Жетісулықтар 2025–2026 жылдардағы қысқы маусымға дайындық аясында мал азығын қамдау бойынша жоспарды асыра орындады. Бұл қыста мал басын толық сақтап, олардан жоспарлы өнім мен төл алуға мүмкіндік бермек.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, Жетісу облысы (105%) бұл көрсеткіш жағынан республикада Солтүстік Қазақстан облысынан (125%) кейін екінші орында тұр.

Елімізде қазіргі таңда 36 млн тонна мал азығы дайындалған.

Жетісу облысы әкімдігінің бас-

пасөз қызметінің деректері бойынша, биыл бұл өңірде 2,2 млн тонна жем-шөп дайындау жоспарланған. Мұнда мал азығы дақылдарының егіс көлемі биыл 92,5 мың гектарды құрады. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Н. Кененбаевтың сөзіне қарағанда, қолдағы барлық мал басын қыстату

КИЕ

Тіл – халықтың жаны мен рухының айнасы. Ол ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, дүниетанымын бойына сіңірген ең ұлы қазына.

Қазақ халқы үшін тіл – ұлтты ұлт етіп ұстап тұрған басты тіректердің бірі. Қай халықтың болсын тілге деген құрметі – оның өз болашағына деген сенімін білдіреді. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының түп-тамырынан ажырайды. Сол себепті қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оны күнделікті өмірде кеңінен қолда-

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қаңтар айында ҚКІБ QR-код арқылы, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-ресурстарда ескерту сипатындағы бейнематериалдар бар беттерге өту мүмкіндігі қарастырылған брошюралардың жаңа үлгісі әзірленді.

Интернет-ресурстарды бақылау барысында 2 384 сайт (порнографиялық, экстремистік және т.б.) анықталып, бұғатталды. Әртүрлі интернет-платформаларда киберқауіпсіздік пен жоғары технологиялар саласындағы қылмыстардың алдын алу туралы 862 бейнеролик жарияланды.

Жыл басынан бастап ПД ҚКІБ қызметкерлері тарапынан жергілікті деңгейде 12 интернет-алаяқтықты тоқтату және Республикалық маңызы бар 2 «Anti-fraud» мен 1 «Контрафакт» жедел профилактикалық шарасы өткізілді. Осының бәрі қылмыстың алдын алуға бағытталған жоспарлы қадамдар. Мұндай шаралар бірден жақсы нәтиже көрсетпегенімен, алдағы уақытта өз жемісін берері анық.

– **Тірлігі мал шаруашылығымен байланысты халқымыз үшін «Мал ашуы – жан ашуы» екені рас. Сондықтан мал ұрлығына қатысты қылмыстық істердің ашылуы бойынша статистика көңілден шыға ма?**

– Есептік кезеңде мал ұрлығы бойынша тіркелген құқық бұзушылықтардың саны 67-ден 70 дерекке, ал оларды ашу деңгейі 70-тен 70,9 пайызға дейін өсті. Ауыр санаттағы мал ұрлықтарын ашу деңгейі 76,2-ден 68,2 пайызға дейін төмендегеніне қарамастан, мұндағы ахуал тұрақты деңгейде сақталып отыр. Өйткені жалпы көрсеткіштер қабылданып жатқан алдын алу және жедел шаралардың тиімділігін дәлелдеді. Мәселен, қыркүйек айында Алакөл ауданының аумағында мал ұрлығымен айналысқан қылмыстық топтың әрекеті әшкереленді. Жедел-іздістіру іс-шаралары барысында 7 жәбірленушіден 63 бас ірі қара малды ұрлағаны үшін 8 адамнан тұратын топ ұсталды. Қазіргі уақытта олардың басқа да қылмыстарға қатыстылығы тексерілуде. Осылайша, жекелеген теріс үрдістерге қарамастан, мал ұрлығына қарсы күресте оң динамика байқалуда.

– **Жасөспірімдер арасындағы қылмыспен күрес қаншалықты нәтижелі болып отыр?**

– Жасөспірімдерге қатысты жалалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында жергілікті жерлерде Ювеналдық полиция бөлімшелері



Руслан ЧАРАПИЕВ,

Жетісу облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары:

«ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ»

білім беру органдарының қызметкерлерімен бірлесіп 2380 рейдтік іс-шара өткізді. Осы шаралардың нәтижесінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алуға әсер ететін 5127 құқық бұзушылық анықталды. Былтырғы сәйкес кезеңде оның саны 4365 болған. Яғни, бұл бағыттағы көрсеткіш 17,4 пайызға артып отыр.

Биыл кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта тұрғын үй-жайлардан тыс жерлерде және ойын-сауық мекемелерінде болуы бойынша фактілер көп орын алды. Мұндай теріс әрекеттер 3607-ден 3988-ге артып, онда ересек адамдар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 442-бабымен әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ балаларын тәрбиелеу, асырау және оқыту бойынша өздерінің ата-аналық міндеттерін дұрыс орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар саны да көбейген. Бұл да отбасылық құндылықтың тым әлсіреп кеткенін дәлелдейтін дерек.

Кодекстің 440-бабы 2-бөлігіне сай он сегіз жасқа толмаған адамдардың қоғамдық орындарға масаң күйде келуі, сол сияқты олардың алкогольдік ішімдіктерді ішуі бойынша биыл 53 факт тіркелді. Уақытша оқшаулау орталығына жеткізілген кәмелетке толмағандар саны 65 болып отыр. Олардың

...он сегіз жасқа толмаған адамдардың қоғамдық орындарға масаң күйде келуі, сол сияқты олардың алкогольдік ішімдіктерді ішуі бойынша биыл 53 факт тіркелді. Уақытша оқшаулау орталығына жеткізілген кәмелетке толмағандар саны 65 болып отыр. Олардың 35-і қадағалаусыз және панасыз қалғандар, 30-ы ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың қамқорлығынсыз қалғандар. Ал бақылаусыз баланың қылмысқа бейім келетіні дәлелдеуді қажет етпейді. Оның үстіне, жасөспірім алкоголь өнімдерін тұтынса, қиғанды топтарға қосылып, теріс жолға түсуі тіпті оңай. Сондықтан, балаға жанашиырлықпен қарау маңызды.

35-і қадағалаусыз және панасыз қалғандар, 30-ы ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың қамқорлығынсыз қалғандар. Ал бақылаусыз баланың қылмысқа бейім келетіні дәлелдеуді қажет етпейді. Оның үстіне, жасөспірім алкоголь өнімдерін тұтынса, күмәнді топтарға қосылып, теріс жолға түсуі тіпті оңай. Сондықтан, балаға жанашиырлықпен қарау маңызды.

Әкімдіктердің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау комиссиясының отырыстарында 75 іс-құжат қаралып, қорытындысына сай 13 ата-ана ата-аналық құқығынан айырылды және 19 ата-ананың құқығы шектелді. Жасөспірім-

дердің арасында құқықтық сауаттылықты арттыру және заңға бағынушылықты қалыптастыру мақсатында білім беру мекемелерінде құқықтық тақырыпта 2159 лекция өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдарында 1520 мақала жарық көрді.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғатын қылмыстарға ата-аналардың көңілін аудару мақсатында жыл басынан Білім беру басқармасымен бірлесіп, облыс аумағында ата-аналар комитеттерінің төрағалары, мектеп және колледж директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтардың қатысуымен 35 арнайы семинар өткізіліп, балаларға қатысты жасалған жыныстық қылмыстардың және суицидтердің себептері мен жағдайлары талқыланды.

Жалпы білім беру мекемелеріндегі 319 мектеп пен 26 колледжде 345 сенім жәшігі орнатылды. Оқушылар арасында 830 жасырын сауалнама өткізіліп, оған 104 111

сатын үш тұрғыннан 4 кг-дан астам марихуана тәркіленді. Сондай-ақ, іс-шаралар барысында 5 азамат ұсталып, олардан 36 келіден астам түрлі есірткі заттары тәркіленді.

Есірткі қылмысына қатысы бар адамдардың жас құрылымына тоқталар болсақ, жыл басынан бері 18-бен 45 жас аралығындағы 104 азамат ұсталды. Мұндай қылмыс облыс орталығында көп таралған. 9 айда тіркелген 58 қылмыстың 24-і есірткіні заңсыз тарату, жетегі аса ірі мөлшерде сақтау фактілерімен байланысты. Ал тәркіленген есірткі заттарының көлемі 151 кг-нан асады.

– **Есірткі саудасымен күресу үшін құқық қорғау органдары қандай шаралар қолданды?**

– Интернет-куррьерлер мен кепілгерлерді қоса алғанда, ұйымдастырушылар мен таратушылардың жауапкершілігін нақты ажырататын Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізілді. Биыл наурыз айынан бастап есірткіні медициналық мақсаттан басқа жағдайда тұтынғаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді.

Жыл басынан бері Жетісу облысы бойынша ӘҚБТК 440-1-бабымен 55 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ үкіметтік емес секторды тарта отырып, «Жақсылық жаса», «Жастар рухы», «Қос қанат», «Талдықорған жастары» белсенділері 16 рейдтік іс-шара өткізді. Онда ескірген сілтемелермен 59 граффити анықталды және боялды. ҚК-нің 299-1-бабы 1-бөлігі бойынша есірткі құралдарын насихаттау немесе заңсыз жарнамалауға қатысты 9 қылмыстық іс қозғалды.

Қазіргі уақытта есірткіні өткізу мессенджерлер, көлеңкелі интернет-ресурстар арқылы жүзеге асырылуда. Есірткінің заңсыз таралуына байланысты 2361 интернет-ресурс анықталып, бұғаттауға жіберілді. Крипто-әмиянды бұғаттау үшін 161 сұрау салынды. «Антифрод-орталық» бағдарламасы арқылы 23 млн теңгеден астам сомаға 637 банктік шот бұғатталды. Осының бәрі замана тажалы саналатын есірткінің таралымына тоқтау салуды көздейді. Есірткімен күрестегі мақсатымыз орындалуы үшін азаматтық қоғам өкілдері де мәселеден шет қалмауы керек. Сөйбей, есірткіні жою – қоғамға қажет.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Қ. ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

– Жетісу облысында бүгінгі таңда өрттің алдын алу іс-шаралары мен үй аралау жұмыстары нәтижесінде әлеуметтік осал топтағы 7616 отбасы бары анықталды. Осы санаттағы отбасы үйлеріне газдың қауіпті шоғырлануын анықтайтын 2045 датчик орнату жоспарланған. Бүгінгі күнге соның 820-сы орнатылды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне қарағанда, датчиктер Кербұлақ, Ескелді, Сарқан, Панфилов, Ақсу аудандарында қойылған. Жалпы, департамент тарапынан жеке тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігі айлығы өткізілуде. Оның аясында мемлекеттік органдар мен еріктілер ұйымдарының қатысуымен рейдтік тексерулер, тұрғындармен кездесу, білім беру мекемелерінде интерактивті сабақтар өткізілуде.

Мәселен, бүгін төтенше жағдай саласының қызметкерлері Талдықорған қаласындағы «Қызылтас» саяжайында тұратын әлеуметтік осал топтағы отбасы үйлерін аралап, пеш мұржаларын тазалады, датчиктер орнатты, өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндірді. Сонымен қатар рейд жұмыстарына «ТАТЭК» АҚ мамандары да тартылып, олар үйлердегі электр желілерінің жұмысын тексерді.

ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРДЫҢ ҮЙЛЕРІНЕ ГАЗ ДАТЧИКТЕРІ ҚОЙЫЛДЫ



– Жетісу облысында жеке тұрғын үй секторларында жылыту маусымында өрттің алдын алу шаралары кеңінен атқарылуда. Халық арасында түсіндіру жүргізіліп, әсіресе жылыту құрылғыларының жұмысы, пеш жағу ережелерін түсіндіруге көп көңіл бөлінеді. Биыл әлеуметтік осал топтар санатындағы отбасы үйлеріне орнату үшін газдың қауіпті шоғырлануын анықтайтын 2045 датчик сатып алу жоспарланған, соның 1720-сы сатып алынды, қалғаны қазан айының соңына дейін



сатып алынады, құрылғыны орнату жұмыстары жалғасып жатыр, – деді Жетісу облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері, азаматтық қорғаныс капитаны Еламан Әубәкіров.

Аталған шараларға қатысты жергілікті тұрғындар да пікір білдірді.

– Үйімізге тегін датчик қойып, пештің мұржасын тазалап берді. Төтенше жағдай қызметкерлері жыл сайын осылай көмектеседі. Жасым егде адам болғандықтан, жылыту мау-

сымында маған осындай жұмыстарды атқаруға көмек қажет, сондықтан қамқорлық таңытып жатқанына ризамыз, – дейді жергілікті тұрғын Кәкимаш Оразбаева.

Жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде биылғы жылыту маусымы басталғалы бері өңірдегі өрт оқиғаларының саны өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2,2 есеге азайған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

ЦИФРЛЫ ИННОВАЦИЯ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢА ҚАҒИДАТЫ

Қоғам дамуының жаңа парағын ашқан заманда әр қала тек өндіріс пен экономиканың емес, білім мен инновацияның орталығына айналып келетінін қарапайым халықтың бәрі де байқап келеді. Бұл бағытта Шымкент қаласы еліміздің цифрлы трансформациясының көшбасшысы атанып, тек экономикалық емес, құқықтық мәдениетті жаңаша қалыптастырудың да жарқын үлгісін көрсетіп отыр. Мұнда «қауіпсіз қоғам» ұғымы тек құқық қорғау жүйесімен шектелмейді. Ол – заң үстемдігі мен технологияның үйлесімі, құқықтық сана мен цифрлық мәдениеттің тоғысына айналып отыр десек артық айтпаймыз.



Осы идеяны жүзеге асырып отырған маңызды бастамалардың бірі – «Shymkent Hub» инновациялық технопаркi. Бұл орталық 2024 жылы Astana Hub жүйесінің құрамында ашылып, бар-жоғы бір жыл ішінде еліміздің үшінші мегаполисін IT-инновация мен стартап мәдениетінің аймақтық драйверіне дейінгі ауқымды кеңістікті қамтып отыр.

Идеядан – іске, арманнан – нәтижеге

Shymkent Hub – бүгінгі таңда Оңтүстік Қазақстандағы жас стартаперлердің, талантты инженерлер мен IT-мамандардың орталығына айналғанын атап өткен жөн. Мұнда әрбір идеяға дем беріліп, әрбір жоба нақты өнімге айналады.

Бір жыл ішінде ондаған жас өз жобасын тіркеп, инновациялық өнім жасап шығарды. Олардың қатарында медицинаға арналған жасанды интеллект ассистенті, балаларға арналған робототехника жобалары, ақылды құрылғылар мен финтех шешімдері бар.

Технопарк қызметі инновацияларды енгізу және цифрландыру бағытына толық сай келеді. Өйткені мұнда цифрлы даму тек техникалық ұғым емес, ол – қоғамның ойлау жүйесін жаңғыртатын мәдени құбылыс.

Shymkent Hub-тың аймақтық менеджері Құрманғазы Мұратов жүзеге асырылып жатқан цифрландыру бағдарламаларының жастардың жеке тұлға ретінде дамуына сондай-ақ өзінің тың идеяларын іс жүзінде жүзеге асыруға зор мүмкіндік екенін атап өтті.

– Біздің басты миссия – жастарды инновация арқылы шабыттандыру. Әр жоба қоғамның нақты мәселесін шешуге бағытталған. Технология тек құрал емес, ол – дамудың да жауапкершілігі, – дейді Құрманғазы Мұратов.

Стартап мәдениеті – құқықтық сананың жаңа өлшемі

Технологиялық ортада қалыптасқан жауапкершілік, адалдық және ашықтық қағидаттары – құқықтық мәдениеттің де өзегі десек артық айтқандық болмас.

Shymkent Hub-та жүзеге асып жатқан Robopark, Intelab, Cyber Bricks сияқты әлеуметтік жобалар қоғамға пайда әкелуді мақсат етеді. Бұл – азаматтық жауапкершіліктің, заңға құрметтің, әділеттілікке ұмтылыстың айқын көрінісі екені даусыз.

Мұндай бастамалар мемлекеттің «Қауіпсіз қоғам» және «Қауіпсіз ел» ұлттық жобаларымен үндесіп келеді. Өйткені цифрлық мәдениет пен құқықтық сана қатар дамығанда ғана қоғамда заңға бағыну мәдениеті артады.

Инновациялар – қауіпсіздіктің кепілі

Бүгінгі таңда Шымкент қаласында құқық қорғау органдары жасанды интеллект, бейнебақылау жүйелері, смарт-талдау платформалары сияқты заманауи құралдарды жұмыс жүйелерінде белсенді қолданысқа енгізген.

Полиция департаментінің жедел басқару орталығы қаладағы мыңдаған камерадан келетін деректерді талдап, қылмыстың алдын

Бүгінгі Шымкент – заң үстемдігіне, әділеттілік пен қауіпсіздік қағидатына негізделген цифрлы мегаполиске айналып отыр. Мұнда Shymkent Hub сынды инновациялық орталықтар мен Полиция департаментінің жаңа форматтағы жұмысы бір мақсатқа тоғысып отыр. Мұндағы негізгі мақсат – құқықтық мәдениеті жоғары, қауіпсіздігі берік, инновацияға ашық қоғам құруға негізделіп отыр. Бұл – тек технологиялық немесе құқықтық реформа емес, жаңа қоғамдық сана қалыптастырудың да үлгісіне айналғанының айқын көрінісі. Инновация мен құқықтық тәртіптің үйлесімі – Қазақстанның болашағын айқындайтын басты бағыттардың бірі екені даусыз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

алуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл – цифрлық шешімдер мен құқықтық саясаттың үйлесімінің айқын көрінісі.

Инновациялар тек қылмыспен күресте ғана емес, құқықтық сананы қалыптастыруда, азаматтардың полицияға сенімін арттыруда да шешуші рөл атқарып келеді.

Криминалдық полицияның табысты тәжірибесі мен Shymkent Hub-тың технологиялық бастамалары бірігіп, қауіпсіз және цифрлы Шымкенттің жаңа моделін қалыптастыруға негіз болған.

Білім мен цифрландыру – ел тірегі

Shymkent Hub тек стартап орталығы емес, ол – білім мен құқықтық мәдениетті ұштастыратын интеллектуалды кеңістік екенін атап өткен жөн. Мұнда апта сайын тәжірибелі кәсіпкерлер мен заңгерлер жастарға арналған кездесулер өткізіп, «жауапкершілік» пен «заңды бизнес жүргізуді» мәдениетін үйретеді.

Ал Robopark базасында балалар инженерлік ойлау мен командалық жұмыс дағдыларын дамытады – бұл болашақта саналы, құқыққа құрметпен қарайтын ұрпақтың қалыптасуына негіз болады.

Технопарк аясында өткен Pizza Pitch сияқты шығармашылық форматтар да ерекше нәтиже беріп отыр. Мұнда жастар өз идеяларын еркін ортада ұсынып, қоғамға пайдалы әлеуметтік жобаларды таныстырады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, цифрландыру – экономикалық өсудің ғана емес, мемлекеттің басқарудағы ашықтық пен заң үстемдігінің кепілі ретінде де өзін толықтай бекітіп үлгерді.

Осы бағытта Шымкент қаласында «Цифрландыру және инновацияларды енгізу» жобалары жүзеге асырылып жатыр. Astana Hub пен Shymkent Hub арасындағы серіктестік – өңірлік инновациялық инфрақұрылымның нақты үлгісіне айналған.

Мұндай бастамалар құқық қорғау саласында да өз жемісін беруде: электронды өтініштер, онлайн-бақылау жүйелері, жасанды интеллект арқылы сараптау – мұның бәрі әділдік пен ашықтықты арттыруға бағытталған.

ИГІ ІС

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде профессор Марат Барманқұлов атындағы телестудия жаңғыртылды. Журналистика факультетінде өткен тұсаукесер салтанатына сала ардагерлері, оқытушылар мен студенттер жиналды.

ТЕЛЕСТУДИЯ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

Жоғары оқу орнының жаңа өндірістік базасы заманауи техникамен жабдықталды. Енді студенттер жаңа студияда түрлі бағдарлама мен подкаст түсіре алады. Марат Кәрібайұлы Барманқұлов – қазақ теле-радио журналистикасының негізін қалаушылардың бірі. Ол 1966 жылы ҚазҰУ-да телерадиожурналистика кафедрасын және алғашқы телевизиялық зертхананы ұйымдастырған. Сол кезде телестудияда бар болғаны бір кинопроектор, монтаж үстелі және әуесқой бейнекамера ғана болған. Кейін 1990-жылдардың ортасында ЮНЕСКО-ның Қазақстандағы өкілдігі телестудия мен радиостудияны заманауи аппараттармен қамтамасыз етіп, оның техникалық базасын нығайтты. 2009 жылы факультет жанындағы зертхана М. Барманқұлов атындағы телерадиокешен мәртебесін алды. Бұл оқу-өндірістік база студенттерге тележурналистика, бейнемонтаж және телевизиялық бағдарламаларды дайындау технологиясы бойынша тәжірибелік білім алуға мүмкіндік беріп келеді. Сондай-ақ, сабақтарды тек факультет оқытушылары ғана емес, елдегі жетекші телевизия мамандары да жүргізеді.



Профессор Марат Барманқұловтың қызы Алуа Барманқұлова телестудияға жыл сайын келетінін, бірақ бұл жолы жаңарған студияны танымай қалғанын айтты.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультеті жыл сайын әкемнің тұған күнін «Барманқұлов оқуларымен» атап өтеді. Әр жолы отбасымыздың бір мүшесін арнайы шақырады. Бізді ұмытпай, әрдайым құрметпен шақыратынына ризамыз. Ал телестудияның қазіргі келбеті ерекше әсер қалдырды. Жөндеу жұмыстары да, жаңа техникалық жабдықтар да көңілімнен шықты, – деді ол.

Журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбайдың айтуынша, бүгінгі студенттер подкаст жазуға, мультимедиялық контент жасауға ерекше қызығушылық танытып отыр.

– Мұнда студенттеріміз теория жүзінде алған білімін тәжірибемен ұштастыра алады. Алдағы уақытта бұл телестудияда түрлі подкастар, сұхбаттар мен телесюжеттер дайындалады. Біз бұл аудиторияның факультеттің тұрақты зертханалық әрі өндірістік базасына айналатынына қуаныштымыз. Сол мақсатта заманауи камералар сатып алынып, жарық жүйесі толық жаңартылды. Енді студенттер төрт түрлі алаңда өз стендаптарын түсіріп, сұхбат және хабар дайындай алады, – деді Қанат Әуесбай.

Сіз не дейсіз?

Намазалы ОМАШЕВ, Филология ғылымдарының докторы, профессор:
– 1950 жылдары телеарна ашылды. Сонда телеарна дегеннің аты болмаса басқасын білмейміз. Республикада соның журналистикасын қалыптастырған, дәріс берген Марат Кәрібайұлы болды. Ол кісінің беделі тек республика емес, орталықтың өзінде керемет еді. Сол кездегі журналистикаға қойылатын талаптың бәрін орындады.
Жоғары оқу орнының жаңа өндірістік базасы заманауи техникамен жабдықталды. Енді студенттер жаңа студияда түрлі бағдарлама мен подкаст түсіре алады. Марат Барманқұловтың мұрасы – қазақстандық телевизия мен радиожурналистика дамуының іргетасы. Оның шәкірттері бүгінде еліміздің барлық бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек етіп, ұстаздық дәстүрді жалғастырып келеді. Жаңартылған телестудия – сол дәстүрдің заманауи жалғасы, жаңа буын журналистердің кәсіби шеберлігін шындайтын шынайы мектеп.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БІТІМ

ЖАҚЫНЫҢ ЖАТҚА АЙНАЛМАСЫН!

ҚР Азаматтық процестік кодексте татуластыру рәсімдерін сот тәжірибесінде тиімді қолданудың жан-жақты тетіктері жасалған. Кодекс қолданысқа енгізілген сәттен бастап ол насихат жұмыстарына айрықша мән берілді. Республикадағы сот ұжымдары медиация кабинеттерінің ашылуына мұрындық болып, медиаторлардың белсенділігін көтеруге, судья-медиаторлар жұмысымен таныстыруға, партисипативтік тәсілдің ерекшелігін түсіндіруге барынша тырысып, кешенді жұмыстар жүргізілуі жалғастырылуда.

Татуластыру рәсімдерін қолдану азаматтар үшін де, сот үшін де тиімді. Сотқа тиімді болатыны – бітімгершілікпен бітетін істер азаматтық істер санын азайтады. Сол арқылы судьялардың жүктемесі кеміп, басқа істерге көбірек көңіл бөлуге, бос уақытында ізденуіне жол ашылады. Сонымен қатар, тараптарды татуластыру азаматтар арасындағы сыйластықты сақтауға да ықпалды. Болмашы нәрсе үшін жақыныңды жатқа айналдыру, көршінді қас жау ету кімге керек?

Міне, сотқа арыз жазбас бұрын жұртшылық осыған мән беруі керек. Мүмкіндік болса, ара ағайынның көмегіне, ақсақалдар алқасының талқысына салсын. Болмаса медиаторларға, судья-медиаторларға жүгінуіне болады. Қалай болғанда да кез келген адам өз дауының ауыр салдарсыз, ұрыс-керіссіз, бітіммен шешілуіне мүдделілік танытқаны жөн.

Ұлытау облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты қалыптасқан оң үрдісті алдағы уақытта да жалғастырып, медиацияны одан әрі дамыту бағытында қала тұрғындарына татуласу рәсімдері мен медиация туралы, оның ішінде медиация мен партисипативтік келісімдерін насихаттау және дауды сотқа дейін татуласу арқылы шешуді тиімділігі туралы түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізетін болады.

А.СЕЙТЕНОВА,
Ұлытау облысы көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

МЕРЕЙ

ЕРКІНДІК БАСТАУЫ

25 қазан – Республика күні. Бұл халқымыздың тәуелсіздікке қадам басқан күн, ел тарихындағы маңызды белес. Республика күні – нағыз қазақтың кеудесі қуанышқа толы болатын, халықтың думандатып тойлайтын, мерекелік көңіл-күй орнайтын, сыйлайтын айтулы күн.

Ел деп еңіреп жан қиған әрбір қазақ азаматы ежелден еркіндік аңсап келді. Сол себепті Қазақстан осы кезеңге дейін көптеген қиын жолдардан өтті деп айтуға болады. Қазірде қазақ елі әлемде жеке дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды.

Республика күнінің тарихы сонау тоқсаныншы жылдардан бастау алады. 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы қабылданды. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік алуына жол ашқан маңызды құжат болатын. Декларацияда Қазақстанның

тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Алғаш рет ел аумағының тұтастығы, қазақ халқының және басқа да ұлт өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету, ұлттық болмысты қалыптастыру әрі нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Республика күні жыл сайын 25 қазанда аталып өте бастады. 1995 жылы 18 қазанда алғаш рет «ұлттық мереке» болып жарияланды. Алайда, 2001 жылы бұл мәртебеден айырылып, «мемлекеттік мереке» санатына өтті. Ал 2009 жылы сәуірде мерекелер қатарынан мүлде алынып тасталды.

2022 жылдың маусымында Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысын-

да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды және тәуелсіздік күнін мемлекеттік мерекелер тізіміне енгізу ұсынысымен бастау алған болатын. Мемлекет басшысы өз сөзінде «Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деген болатын. Мемлекет басшысының бұл бастамасы халықтың қолдауына ие болды. Осылайша, Қазақстан халқы ұзақ жылдар бойы атаусыз қалған Республика күнін қайтадан атап өте бастады.

Тәуелсіздік еліміздің басты игілігі, баға жетпес құндылығы.

Айғаным СӘРСЕНБАЙ,
Шалқар аудандық сотының жетекші маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ДОДА

Астана халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) сотында жыл сайынғы «AIFC Court Moot» студенттік сот процесі байқауы өтті. Байқауға АХҚО сотының аға судьялары төрелік етті.

«AIFC Court Moot» – студенттер арасында өтетін сот процесі үлгісіндегі байқау. Бұл ағылшынның жалпы құқық дәстүріне негізделген. Іс-шара Қазақстан мен Еуразия өңірінің дарынды студент-заңгерлерін жинап, олардың АХҚО соты судьяларының алдында өз мүлкі мен дағдысын көрсетуіне мүмкіндік береді.

Сот процесінің симуляциясы барысында студенттерден құралған топтар ойдан шығарылған іс бойынша өз дәлелдерін (жазбаша және ауызша) дайындап, АХҚО сотының аға судьяларының алдында қорғады. Бұл – болашақ заңгерлерге заңды талдау, құқықтық ұстанымдарды қалыптастыру және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды тәжірибелік алаң.

Байқауда Мақсұт Нәрікбаев уни-



верситеті (Астана, Қазақстан) мен Шығыс Қытай Саяси ғылымдар және құқық университетінің (Шанхай, Қытай) студенттері финалға өтті. Финалды АХҚО сотының төрағасы Мэлдон Лорды Бернетт және АХҚО сотының басқа да аға судьялары бағалады.

Жеңімпаздар кубогы Шығыс Қытай Саяси ғылымдар және құқық

университетінің (Шанхай, Қытай) студенттеріне берілді, ал соңғы турға өткен барлық студенттер АХҚО және ХТО сотында тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болды.

2018 жылы құрылған сәттен бастап, АХҚО сотының студенттік сот процесі байқауы Қазақстан мен Еуразия өңіріндегі құқық саласындағы дарынды жастарды қолдайтын

маңызды алаңға айналды. АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығының (ХТО) тренинг орталығының білім беру бағдарламалары арқылы 4500-ден астам адам құқық үстемдігі мен халықаралық коммерциялық дауларды шешу қағидалары бойынша тегін білім алды. Сондай-ақ, 220-дан астам студент АХҚО соты мен ХТО-да тағылымдамадан өтті.

Жыл сайын Қазақстан мен Еуразия өңірінен жүздеген студент АХҚО соты мен ХТО ұйымдастыратын сот, арбитраж және медиация процестерінің байқауына қатысады. Бұл байқаулар өңірдегі іскерлік және заң қауымдастығының дамуына үлес қосып, АХҚО соты мен ХТО-ның халықаралық коммерциялық дауларды шешудегі жетекші институттар ретінде беделін арттырады.

Сонымен қатар бұл байқаулар жас және тәжірибелі заңгерлерге инвесторлардың құқықтарын тиімді қорғау үшін маңызды дағдыларды дамытуға көмектеседі. Аталған іс-шара – Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тартуға және елдің сот жүйесінде құқықтық қауіпсіздік пен инвесторлардың сенімін қамта-

масыз етуге ықпал ететін маңызды бастама.

Кристофер Кэмпбелл-Холт, АХҚО және ХТО сотының тіркеушісі және аппарат басшысы:

– Студенттік сот процесі байқауының сегіз жыл қатарынан өткізіліп, қатысушы университеттердің оқу бағдарламасының ажырамас бөлігіне айналғанын мақтан тұтамыз. Осындай байқауларды өткізу арқылы біз заңгер студенттерге нақты сот істерінде клиенттердің мүдделерін қорғау үшін адвокаттардан талап етілетін жалпы сот жағдайында ауызша адвокатура машықтарын үйренуге және қолдануға бірегей мүмкіндік береміз. Студенттердің деңгейі жыл сайын жоғарылап келеді. Біз Еуразиядағы таңдаулы халықаралық коммерциялық сот ретінде негізгі серіктестерімізбен және заң қауымдастығымен тығыз қарым-қатынас қалыптастыруды жалғастырып келе жатқандықтан, бұл студенттер үшін де, біздің сот үшін де маңызды жарыс.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «Альтер Эго» ЖШС (БСН 130240013153) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 27-үй, 20-пәтер, тел. 8 707 704 5090.

7. «Aula Supra» ЖШС (БСН 190240029567) (Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 34-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар қаласы, Мәшһүр Жүсіп көшесі, 286-137, тел. 8 776 815 9797.

9. «Батыс ЭКО» ЖШС (БСН 090640010986) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Желаяев өнеркәсіптік аймағы, 18/3-үй.

11. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының кешкі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 080440018724, өзінің жабылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Майкөтов көшесі, 50-ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 702 574 05 55.

12. «ТЭБ» ЖШС (БСН 090940017111) (ҚР, БҚО, Орал қаласы, Полевая көшесі, 13 үй), өз еркімен өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Григория Потанин көшесі, 13/3. Тел. 8 705 761 86 61.

14. «Медсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 911240000782) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, С. Ескалиев көшесі, 115-үй.

16. «ТурЭлМонтаж» ЖШС (БСН 211240003235) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Қасымхан көшесі, 73-үй.

17. «Ортасу-Агро» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, (БСН 210240000763) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауылдық округі, Өндіріс ауылы, Ә.Мұратов көшесі, 81-үй, пошта индексі 160300.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

18. «Tech In Company» ЖШС (БСН 180640003417) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 410/78-ғимарат, индекс 050004, тел. +7 747 798 43 95.

19. «AlmatyMed» ЖШС (БСН 200640010208) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: +77078634426, 050010, Алматы қаласы, Пушкин көшесі 75-31.†

20. «Каз ПТМ» ЖШС (БСН 220540015209) таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 39, 23-кабинет. Тел.: 8 777 420 0550.

21. «Мерғалиев и Партнеры» қосымша жауапкершілігі бар серіктестігі (БСН 231140035164) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 22-линия көшесі, 203, 307-кабинет, тел.: 8 775 124 24 89.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 32-47-67, 32-49-04, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

2. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі (БСН 070740012675) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады, Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспау керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабаласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037, 87172-695-058.

3. ШҚО МАЭС-і «Донецкое Коллективное хозяйство» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің оңалту рәсімін қолдану туралы арызы негізінде азаматтық іс қозғалғаны туралы хабарлайды.

8. «Mercury Properties» ЖШС- (БСН 041040000336) «Mercury Properties» акционерлік қоғамы болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 280, 23-қабат, Almaty Towers ғимараты, Солтүстік мұнара. Тел. +7 702 874 68 62.

13. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының №2 аудандық сотының ұйғарымымен, арызданушы Ибраимова Арзагуль Изысовнаның, мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Кендала көшесі, 27 үй, 1953 жылы 5 қыркүйекте туған азамат Алимджан Рузахунович Ибраимовты, ЖСН 530905301890 қайтыс болды деп жариялау туралы арызы негізінде азаматтық іс қозғалған. Азамат Алимджан Рузахунович Ибраимовтың жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының №2 аудандық сотына хабарлауды сұраймыз. Сот мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Абай көшесі, 173. Телефоны: +7(7277)62 03 79, +7(777) 669 76 34, электрондық мекенжайы: 728-3064@sud.kz.

15. «Крупы КЗ» ЖШС (БСН 250940031588) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І заңының 27-бабына сәйкес өзінің жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Элеваторная көшесі, 2/12 мекенжайы бойынша қабылданады.

МҰРАГЕРЛІК

5. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 04.06.1970 жылы туылған, 16.05.2025 ж. қайтыс болған Калдыгулов Берик Сырымовичтің артынан мұралық іс ашылуына байланысты, қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлер Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20 кеңсеге хабарласуын сұрайды.

6. 2021 жылы 14 қазанда қайтыс болған Божанова Дүйсенкүлдің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

10. 22012 жылы 4 сәуірде қайтыс болған Көшкінбаев Бауыржан Кенжеғұлұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

БАЙҚАУҒА

– Қап, қармаққа түсіп тұрған шортаннан ажырап қалғанымызды қарашы. Үйге кірген адам қайдан шығып кетуі мүмкін? Санжар, қылмыскерді ұстаудың жоспарын пісіріп алмай, неге «Құрықтау» операциясы дайын дедің? Генералға енді не айтамыз? – деп түтігіп кеткен Абылай Қайсенов қарауындағы қалалық қылмыстық іздестіру басқармасының жігіттерін қуырып барады. Подполковниктің ашуланатын жөні бар. Банкті тонаған банданың басшысы әне-міне қолға түседі дегенде, бұларды қапы қалдырып, қолдан сусып кетіп тұрған жоқ па. Төрт адамнан тұратын банда сол жолы екі адамды өлтіріп, бір млрд теңгеден астам ақшаны үптеп кеткен болатын. Қарақшылардың үшеуі ұсталғанымен, көшбасшыларын құрықтаудың сәті түспей жүрген. Енді оны таптық, ұстаймыз дегенде жер сипап қалғандарын қарашы...

Сонша күнгі жоспардың желге ұшқанына ызаланған Қайсенов көлігіне беттей бергенде «Қолғанат қылмыскердің соңынан кетті, көмек керек», – деп жүгіре жеткен осы ауданның учаскелік полицейін көріп бөгелді.

Осының аты кім еді? Жігіттердің өткенде зейнетке шығуына аз қалды, күн санап әрең жүр дегені есінде. Әә... Әнуар, Әлімжан... Жә, қойшы.. Ал, Қолғанат деген осының көмекшісі болуы керек.

Учаскелік полицейге қарсы жүрген Абылай:

– Қолғанат деген көмекшіңіз бе? Қайда кетті? – деп еді, артық салмағын көтере алмай алқына жеткен ол: «Ауланың артына барыңыздар! Тездетіңіздер! Мына шатырдан түсіп келе жатқан қылмыскерді Қолғанат байқап қалыпты. Жас баланың шамасы жетер ме екен?! Болаңыздаршы, – деді асыға сөйлеп.

– Санжар, Ермек, үйдің артындағы аулаға жүріңдер! Бояров әлі осында. Енді мүмкіндікті қалт жібермейік, – деген подполковник жігіттерді ертіп учаскелік инспектор меңзеген тұсқа жүгіре басты.

Бұлар үйді айнала бергенде келесі үйдің ауласынан алдымен Бояров, артынан қағылез жас жігіт атып шықты. Андушыдан құтылмақ болған қылмыскер аршындай алға ұмтылғанда өкшелей жеткен жігіт артынан шалып қалып, кібіртіктеп қалған қарсыласын қапсыра құшақтады да, еңгезердей бөлені басынан асырып топ еткізді. Көз ілеспес жылдамдықпен қылмыскерді тақымына басып, қолына кісенді салып жатқан жігіттің ептілігін көргенде Қайсенов қатты таңғалды.

– Қыраным-ай, мықтысын қарашы өзінің! – деп риза болғаннан айылап жіберген Абылай жемтігіне жайсаған қырандай қылмыскердің үстіне қонжыған жігітке жеткенше асықты.

– Жарайсың, бауырым! Сен бізді құтқардың! Санжар, мынаның кісенін тексеріп, бөлімге алып кетіңдер! – деген подполковник қылмыскерді құрсауынан босатып, бойын тіктеген арықша жігітке мейірлене қарады.

– Бауырым, сен болмасаң Бояровты уыстан шығарып алар едік. Мұның шатырға жасырынғанын қайдан білдің?

– Жолдас подполковник, сіздердің бүгінгі операцияларыңыз туралы жаңа ғана білдік. Осыдан бір апта бұрын велосипед ұрлаған екі қаңғыбасты бөлімге апарғанбыз. Сонда біреуі шатырда жатып жүргендерін, әлдекімнің бесінші қабаттағы балконын тесіп шатырға кіріп-шығатын жол жасап алғанын айтқан-ды. Бірақ нақты қай үй екенін білмедік.

– Неге сұрамағансың? Ондай нәрсеге мән бермекпе бола ма?

– Сұрауын сұрадым. Бірақ ол үйдің нөмірін айта алмады. Ал ертесі ертіп

апарып көрейін дегенімде, қаңғыбастың жүректен инфаркт алғанын білдім. Күнделікті арақтан аузы босамайтын адам ғой. Бас жазбағанға қаны жүрмей қалған сияқты.

– Еее солай де?

– Рациядан қылмыскердің қайда кеткенін білмей жатқандарыңызды естіп, жаңағы қаңғыбастың сөзі сақ етіп есіме түсе қалмасы бар ма? Әнуар ағаны ерте салып, үйдің келесі үймен жалғасатын жағын қарасақ, біреу тө-

садың! Бүкіл басқарманың абыройын сақтап қалдың. Ризамын саған!

Орнынан атып тұрған лейтенант жалпы тәртіппен:

– Қазақстан Республикасына қызмет етемін! – деді нық дауыспен.

– Дұрыс, сенің абыроймен қызмет етеріңе сенемін. Қолғанат, менің бір ұсынысым бар. Біздің қылмыстық іздестіру бөліміне келуге қалай қарайсың? Білімің мен білігіңнің жететінін өмірбаяныңнан байқап отырмын. Ал

ҚИЫС ЖОЛ



тенше жағдайда пайдаланатын текпішекпен түсіп келе жатыр. Біздің өзіне беттегенімізді көріп, шатырға қайта кіріп кетті. Бірден соңынан бардым. Төбеде жасырына алмасын білген ол шатырдың құлпын бұзып, төменге беттегенде әйтеуір қуып жеттім-ау...

– Жарайсың!

Жас полицейдің қолын қысқан Абылай Қайсенов «ертең міндетті түрде маған жолық! Сағат 9-да күтемін», – деді де операцияның қорытындысын баяндау үшін басшылыққа жетуге асықты.

Баспасөз қызметі сол күні-ақ қауіпті қылмыскердің ұсталғанын, жедел топтың жақсы жұмыс, сәтті операция өткізгенін айтып, ақпарат барлық сайт, телеарналарда көрсетіліп жатты. Екі бірдей адамның өліміне себеп болған қасқойлердің ұсталғанына халық та ризашылығын айтуда. Банктің өкілдері де таңнан хабарласып, қылмыскерлерді құрықтаған полицейлерді марапаттағысы келетінін жеткізді. Басшылықтың алғысын алған Қайсенов көмекшісі әкелген бір жапырақ өмірбаянға сүзіле қарады.

Қолғанат Ержанұлы Бейсенбаев, 23 жаста. Мектепті қызыл аттестатпен бітіріп, ІІМ-нің академиясын үздік дипломмен тәмамдаған. Полиция жұмысына араласқанына небәрі алты ай бопты. Керемет. Бірақ, осыншама үздік нәтижемен неге бұл бала учаскелік инспектор болып жүр? Қазір заңгерлікті ілінің-салынып аяқтаған балалардың өзі ауданда емес, бірден қалалық басқармаларда жұмыс істегісі келеді емес пе?

Қайсеновтің ойын есіктің тықылы бұзды.

– Жолдас подполковник, Қолғанат Бейсенбаев келіп тұр. Кіргізейін бе?

– Әрине, кір де!

– Жолдас подполковник! Лейтенант Бейсенбаев ...– дей берген жігітті өзімсіне құшағына қысқан Қайсенов, – жә, жә, ресмилікті қояйық! Кел, төрлет, – деп үстөлге отырғызды.

– Қолғанат, сен үлкен ерлік жа-

қолма-қол ұрыста кез келген қарсыласты қапы қалдыратынына кеше көзіміз жетті...

– Жолдас подполковник...

– Қысылма, айт!

– Маған қазіргі жұмысым ыңғайлы...

– Енді сен жассың, өсуің, жетілуің керек емес пе? Мұндай ұсыныс күнде түсе бермейді...

– Оны түсініп тұрмын. Бірақ... анама қарауым керек. Анам жалғыз.

– Әй, лейтенант, ата-анасын жан қалтасына салып жүрген кім бар? Менің де мына тұрған Астанадағы ата-анама жете алмай жүргеніме алты-жеті ай болды. Анаңды сылтауратып жұмыстан қашпа!

– Жо-жоқ! Жұмыстан қашпаймын ғой. Бірақ... болмай тұр.

Лейтенанттың кібіртіктеп әлденені айта алмай тұрғанын көрген подполковник әрі қарай қыстамады. Басшылықтың алғысын жеткізіп, банктен сыйақы болатынын айтып лейтенантты қуантты да, жас жігіт есіктен шығып кеткен соң жабығып қалды.

...Осындай тас шайнап, құм түкірер шақта жастардың жауапты жұмыстан қашатындары несі екен...

Абылай Қайсеновтің өзі де қылмыстық іздестіру саласына Қолғанаттай кезінде келіп еді-ау. ҚазГУ-ді бітірген группаластарының бірі жол полициясын, бірі прокуратураны, енді бірі ірі компаниялардағы заңгерлік қызметті таңдап жатқанда, мұның қалауы осы криминалдық полицияға түскен. Қылмыстың құпиясын тапсам деген құмарлық мұны ақыры осы ортаға алып келді. Міне, содан бері жиырма жылдан асса да саладан кету, басқа жұмысқа ауысу туралы ойламаған екен. Күнде қауырт, күнде мазасыз жұмыс болса да, Абылай тек осы салада өзін еркін, керек сезінеді.

Төртінші қабаттағы терезеден алысқа көз тастап тұрғанында есікті тықылдатқан Санжар Оңғаров жедел кіріп келді.

– Абылай Әзімханұлы, жедел желі-

ге шұғыл хабар түсті. Асқаров көшесіндегі тұрғын үйден екі адамның мәйіті табылған. Таңертең жұмысқа келген үй қызметшісі бізге хабар беріпті.

– Екі адамды дейсің бе? Үй иесі кім?

– Валерий Викторов деген судья. Қалалық сотта жұмыс істейді. Ол кісіні сіз де білуіңіз керек. Қазақшаға судай. Департаменттегі тілге байланысты өтетін жиындарға ылғи сол кісі келетін. Бойы аласа, жұқалтаң келген, шамамен алпысқа жақындаған азамат. Есіңізге түсті ме?



– Иә, иә. Есіме түсті. Әйелі жоқ па екен?

– Соттағылардың айтуынша, әйелі ұлының үйінде. Жақында келіні босанған соң, Астанаға жастарға көмектесуге кеткен дейді. Ал қызы жоғары оқу орнын бітірген. Қазір бір банкте жұмыс істейді екен. Тұрмысқа шықпаған.

– Солай де. Жүр, жігіттерді жина. Криминалистер сол жерде шығар. Қалғанын оқиға орнында біле жатармыз.

Бұлар оқиға орнына барғанда үйдің айналасы лентамен қоршалып, сарапшылар да келіп жеткен екен. Абылай көрші үйден шығып келе жатқан Қолғанатты байқап қалды. «Бұл аймақ та осы жігіттің территориясы еді ғой. Көршілерден сұрау салып жүрген болар» деген подполковник ішке беттеді.

Судья үйінің ауласының өзі атшаптырмын. Үйі даңғарадай дәу болмағанмен, шағын ғана, жаңа үлгіде салыныпты. Табалдырықтан аттағанда асудың ортасында етбетімен жатқан қыздың денесі көрінді. Мамандар айналаны суретке түсіріп, қажетке жарар айғақтарды жинап жүр. Сарапшылардың да қыздың денесін тексеріп жатқаны байқалады. Ал қылмыскер немесе қылмыскерлер судьяны түкпірдегі бөлмеде жұмыс үстелінде отырған жерінде қапы қалдырса керек. Ноутбуктың ызылдап өшірілмей тұрғанына қарағанда, жұмыс істеп не интернет қарап отырған судья қылмыстан бейхабар болған. Тіпті орнынан тұрмай-ақ қылмыскердің қатты соққысынан креслоға шөккен қалпы қалған. Бірнеше рет тиген ауыр соққылардан бет терісінің мылжа-мылжасы шыққан адамды кезінде судья болды деп айта алмайсың.

– Еее.. өлдің, Мамай, қор болдың...

– Әзімханұлы, бірдеңе дедіңіз бе?

– деп Санжар сұрағанда ғана Абылай өзінің ойындағыны дауыстап айтып тұрғанын түсінді.

– Ештеңе емес, Санжар. Айтпақшы, криминалистер не деп жатыр? Қандай да бір айғақ бар ма? Көршілермен сөйлесе алдыңдар ма?

– Саусақ таңбалары мен ілік болар

заттарды сарапшылар алып жатыр. Қыздың тырнағының астында аздаған қан мен тері бөлшегі бар дейді. Пайдасы бола ма, жоқ па, оны сараптама қорытындысы шыққанда білеміз.

– Жарайды, көршілерді де дұрыстап сұраңдар. Бәрінде бейнекамера бар шығар.

– Иә, Ермек учаскелік инспекторлармен бірге көршілер мен жақын жердегі дүкен, асхананың қызметкерлеріне барып, көрген-білгенін сұрап жатыр. Әзірге бәлендей жаңалық болмай тұр.

– Санжар, бұл жердегі шаруаны болған соң, бөлімге жиналайық. Судьяның кімдермен араласқанын, соңғы кезде қандай істерді қарағанын зерделеу керек. Жұмысқа енді кірген қызы айналасына жау жинай қоймаған шығар. Ал өшпенділікпен ұрған соққыларға қарағанда мынау судьяға тіс қайрап жүргендердің ісі болуы әбден мүмкін!

– Құп болады.

Жігіттерге тапсырма берген Абылай басқармаға бару үшін көлігіне отырған. Терезеден Қолғанаттың жаяулатып дүкенге кіріп бара жатқанын байқады. Бұл үлкен жолға бұрылғанда жас жігіт дүкеннен шығып, аялдамаға қарай жүрді.

– Қолғанат, кел отыр, – деген подполковник жігітке өзімсіне сөйледі. Алдыңғы орындыққа жайғасқан лейтенант есеп беріп жатыр:

– Дүкендегілер де ештеңе көрмедік дейді. Көршілердің бірде бірі күдікті нәрсе байқамаған.

– Енді қайда шықтың?

– Әнуар аға бөлімге барып сотталғандар мен пробацияда тұрғандардың тізімін жасап, жігіттерге жібер деді. Қазір анама керек-жарағын апарып, әрі қарай бөлімге бармақпын, – деді имене.

– Дұрыс, түскі ас ішетін уақыт та бопты. Жүр, сені үйіңе дейін апарып тастайын.

Қолғанаттың «әуре болмаңыз» дегеніне қарамай, шағын ауланың ішіне көлініп кірген. Рәкметін айтқан жігіт көліктен түсе беріп, сәкіде отырған әйелге қол бұлғады. Мұны көрген әйел де жымия басып, бұларға қарай жүрді. Бұрылып кетуді ыңғайсыз көрген Абылай көлігін жол шетіне қойып, қарсы бетте тұрған ана мен балаға жақындаған.

– Қалыңыз қалай? Сіз мықты жігіт тәрбиелеп отырсыз! Қолғанаттың арқасында жақында қауіпті қылмыскерді ұстадық, – деді Қайсенов дауысын мәнерлеп.

Алдында тұрған әдемі келіншек жымия қарап, басын изей берді. Көзі қандай әдемі. Жымиганда екі бетінің шұңқыры кіріп, тіпті сұлулана түседі екен.

Тағы бірдеңе айтпақ болып оқталғанда Қолғанат:

– Абылай аға, ақыры дәл үйдің жанына келдіңіз ғой. Жүріңіз, үйге кіріңіз, – деді. Анасының да құптап тұрғанын жанарынан байқаған Қайсенов жұмысы қауырт болса да, қалай келісім бергенін өзі байқамай қалды.

Шағын ғана бір бөлмелі үй екен. Мұны ас үйдегі үстелдің төріне шығарған ана мен бала зыр жүгіріп барын дастарқанға тасып жатыр. Екеуі ары қарап әлденені ишаралап қояды. Тек үстелге отырғанда ғана Абылай Қолғанаттың анасының мылқау екенін білді.

– Анам төрт жасында өртенген ғимараттың ішінде қалып қойған. Содан сөйлемейді. Сіздің ұсынысыңыздан бас тартқаным да содан, – деді Қолғанат ақталып.

Анасына көз салды. Сұлу жанары жаутаң-жаутаң етіп Қолғанат екеуіне кезек қарайды. Сондай таза, сондай бейкүнә. Ойпыр-ай, осындай әдемі адамды да тілсіз қалдыруға болады екен-ау.

Айзада КЕНЖЕМОЛДАЕВА

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана
Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы
Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы
Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы
Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы
Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы
Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы
Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы
Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5960 дана
Апталық таралым 11920 дана

Тапсырыс №155 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген материалысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31